

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының
білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарысай орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

**Сарысай
2022**

«Ақтөбе облысы білім басқармасының Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарысай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін өзін-өзі бағалауының қорытынды АНЫҚТАМАСЫ

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.
26.09.2022 ж.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: ҚР «Білім туралы» Заңының 59 бабының 4-1- тармағына, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының «Білім беру ұйымдарының өзін –өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 02 ақпанындағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшерттарын бекіту туралы» №124 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығы, Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы №20-01.12, 17-1204-6/53 хаты, Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі 07.02.2022 №76 хаты, 2022 жылдың 6 қыркүйекте өткізілген мектептің кезектен тыс педагогикалық кеңесінің № 2 хаттамасы шешімі негізінде 2022 жылдың 05 – 27 қыркүйек аралығында Ақтөбе облысы Хромтау ауданы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарысай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік аттестаттауды төмендегідей құрамда жүргізді:

№	Толық аты - жөні	Лауазымы	Комиссия мүшелері
1	Нурмуханов Нариман Сембаевич	Мектеп директоры	Комиссия төрағасы
2	Таласбаева Толкын Турганбаевна	Оқу жұмыс жөніндегі орынбасары	Комиссия мүшесі
3	Ақынтаева Молдир Болатовна	Тәрбие жұмысының орынбасары	Комиссия мүшесі
4	Дуйсенбаева Жанаргуль Елеуовна	Әлеуметтік педагог	Комиссия мүшесі
5	Дуйсембаева Жанар Шакиржановна	Кәсіподақ ұйымының төрайымы	Комиссия мүшесі
6	Адылова Кулшат Сагингалиевна	Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің жетекшісі	Комиссия мүшесі
7	Аманбаева Айгерим Ерболатовна	Жаратылыстану математикалық пәндер бірлестігінің жетекшісі	Комиссия мүшесі

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

1.Білім беру ұйымының толық атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарысай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2.Білім беу ұйымының орналасқан жері: Қазақстан, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Қызылсу ауылдық округі, Сарысай селосы, В.Ф.Величко көшесі 25 ст-е.

3.Заңды тұлғаның байланыс деректері: телефон номері- 87133679848, электронды поштасы-shkola.sarysay@mail.kz, мектеп сайты-http://sarysay.edu.kz/

4.Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Нурмуханов Нариман Сембаевич 2021 жылы 05 қаңтар Хромтау аудандық білім бөлімінің №1/3 бұйрығымен Сарысай орта мектебінің басшысы қызметіне тағайындалды. 2021 жылдың 5 қаңтарынан бастап 1 қосымшаға сәйкес

жалпы білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемелердің мектеп басшысы ретінде қайта тағайындалды.

5.Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары: БСН 970440002249 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 17 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1997 жыл 16 сәуір. «Сарысай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Ақтөбе облысының әкімдігінің № 490 30 желтоқсан 2020 жылғы қаулысымен бекітілген; «Сарысай орта мектебі» КММ–нің басқару органы -«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі»; Құрылтайшысы-«Ақтөбе облысының әкімдігі».

6.Рұқсат беру құжаттары: Лицензия 24 ақпан 2021 жылғы №KZ94LAA0024699, мерзімі– шектелмеген. Білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша. Қосымшаның № 001, берілген орны Ақтөбе қаласы, берілген күні 2021 жыл 24 ақпан.

Мектеп Мемлекеттік аттестаттаудан 2020 жылы өтті.

**Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
1-параграфы.**

1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар.

1) білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҰОЖ) сәйкестігі. Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса беріледі;

2021-2022 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбында тәрбие-білім беру процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), «Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1-қосымшасы, ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 мамырдағы № 90 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына» сәйкес қамтамасыз етілді. Апталық оқу жүктемесінің вариативті компоненті бойынша «Логика» 1 сағат, мақсаты: Есте сақтау түрлерін, қиял мен зейінді қалыптастыру және дамыту. «Кел, сурет салайық» 1 сағат, мақсаты: Оқушылардың бойында бейнелеу өнерінің саласы және көркем шығармашылық іс – әрекеттер барысында жеке тұлға қасиетін дамыту. «Ертегілер әлеміне саяхат» 1 сағат, мақсаты: Ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін қалыптастыру, дамыту атты курстар бекітілді. «Kundelik.kz» порталына салынған барлық күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар талапқа сай орындалған, сағат сандары мен тақырыптары түгел.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асырылуы.

2021-2022 оқу жылы жасалған перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау мақсатында ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптары айқындалып, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Ғылым және білім министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығына сәйкес жасалып, бекітілген. Перспективалық жоспарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаттары мен міндеттері «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша ашып жазылған .

"Денсаулық" білім беру саласын ұйымдастыру және өткізу балалардың өмірін қорғауға, денсаулығын нығайтуға және негізгі қимыл түрлерін қалыптастыруға бағытталған.

Мақсаты денсаулық сақтау технологиясын қолданып, ойындар мен жаттығулар арқылы денешынықтыруға қызығушылықты, қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері: дене сапаларын қалыптастыру; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына жаттықтыру; қимылды және командадағы жарыс сипатындағы ойындарды, негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл тәжірибелерін байыту; шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дене шынықтырудың түрлі нысандарында дамыту; балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімділігіне, жалпақ табандылықтың алады-алуға медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу; ұлттық қимылды ойындарды өткізуге жағдай жасау.

"Қатынас" білім беру саласының мақсаты ересектермен және балалармен еркін қарым - қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, орыс тілін білу, оқу мен жазудың бастапқы дағдыларын меңгеруге дайындау, көркем әдебиетке қызығушылыққа баулу; балалардың шығармашылық белсенділігі мен бастамашылдығын дамыту.

Міндеттері: коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тындау және есту қабілеті, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға дайындау; қазақ халқының және басқа халықтардың салт-дәстүрлерін, мәдениетін құметтеуге тәрбиелеу; әрекеттердің алуан түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуді дамыту; ойынды, биді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

Таным білім беру саласының мақсаты коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері: таным процестерін: зейінді, есті, қабылдауды, шығармашылық қабілеттерін, қиялды дамыту; ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін жаттықтыру (талдау, біріктіру, салыстыру, жалпылау, топтастыру, құрастыру, модельдеу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау), қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру; табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, тірі табиғат нысандарына жанашырлық сезімді, қоршаған ортаға қарым-қатынасы бойынша өз әрекетінің кейбір қарапайым нәтижесін көре білуге жаттықтыру, сыни ойлау дағдылары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту; коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамыту: командада жұмыс істей білу дағдылары, өздерінің пікірлерін айту, басқа адамдардың пікірлеріне құрмет білдіру; экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру.

«Шығармашылық» білім беру саласының мақсаты шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялды, байқағыштықты және қоршаған ортаны бейнелі қабылдай білуді, өз ойларын, сезімдерін көркем түрде бере білу біліктерін қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері: балалардың өнер туындыларын қабылдау қабілеттілігін, эмоционалды қатынасын қалыптастыру; бірлесіп жұмыс жасау, жұмысты ұжыммен орындау дағдыларын қалыптастыру; өз жұмысының нәтижесін бағалауға үйрету; балалардың түсінігіне жақын 2-3 қазақ халқының өнер түрлерімен таныстыру; безендірудің мәнерлі құралдарымен, балалар кітаптарындағы иллюстрациялармен, олардың авторларымен таныстыру; балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаға эстетикалық қызығушылығын арттыру; халық ойыншықтары туралы түсініктерін кеңейту; балаларды бейнелеу өнерінің түрлерімен таныстыруды жалғастыру (живопись, графика, скульптура, сәндік-қолданбалы өнер); живопись және скульпторлық мүсіндердің туындыларымен таныстыруды жалғастыру (картиналар және репродукциялық картиналар); балаларды өнер туындыларын, олардың түрлерін дербес қарастыруды, мәнерлік құралдарына және мазмұнына көңіл аударуға баулу (ырғақ, түс, пішін, композиция).

«Әлеумет» білім беру саласының мақсаты ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауда, қоршаған ортамен таныстыру негізінде әлеуметтік дағдыларын дамыту және қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері: жеке тұлғаның әлеуметтік қасиеттерін дамыту: ынтымақтастық, қоршаған ортаға қамқорлық көрсету, бастамашылдық, дербестік, тәуелсіздік, ашықтық, әлеуметтік икемділік, мәдениетті және экологиялық сауаттылық; құрдастары мен ересектердің арасындағы қарым-қатынастың жалпы қабылданған қарапайым нормалары мен ережелерін үйрету; өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі реттеудің қарапайым қабілеттерін тәрбиелеу.

Перспективалық жоспарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»

білім беру салалары арқылы кіріктіру жолдарымен іске асырылған. Барлық 2021-2022 оқу жылының перспективалық жоспарында түсінік хат толық жазылған. Жоспарланған өтпелі тақырыптар олардың бірізділігі мен саны педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының ҚР Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қаңтардағы №604 бұйрығына сәйкес оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу, қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік дағдыларын өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік дағдыларды ерте жастағы балаларды қалыптастыруға, мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау, креативтілікті, коммуникаивтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыруды жүзеге асыру мақсатында жоспарланған өтпелі тақырыптар олардың бірізділігі мен саны педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген. Перспективалық жоспарда көрсетілген тақырыптарға, ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесіне сәйкес әр аптаға циклограмма жазылған. Циклограммада бес сала бойынша ұйымдастырылған апталық оқу қызметтерінің тақырыптары жасалған. Циклограмма жалпы стандартта берілген үлгіге сай. Барлық жоспарға түсінік хаттар жазылған.

МЖМБС 5 тармақтың 1,2,3,4,5,6,7,8 тармақшасына ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 ж 31 қазандағы №604 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы) сәйкес.

- 1.1 МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша 2021-2022 оқу жылында мектепалды даярлық тобында 1 педагог жұмыс жасады.
- 1.2 МДТО үлгілік оқу бағдарламасын сапалы жүзеге асыру мақсатында баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз етіп, балада тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру үшін бес білім беру салалары бойынша пәндік-кеңістік дамытушы орта ұйымдастырылған. Интернет желісіне қосылу нәтижелері білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 1-қосымшасының 1.2 пунктіне сәйкес, 2021-2022 оқу жылы интернет жылдамдығы 10Мб/с асатын интернет «**ortasha**» деп бағаланды.
- 1.3 2021-2022 оқу жылында МАД сыныбы бойынша Халықаралық «Пони» білімпаз байқауына 8 тәрбиеленуші қатысты. Нәтижесінде 7 оқушы жүлделі І орын, 1 оқушы жүлделі ІІ орындарды иеленді. Көркемдік, шығармашылық конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері үздік деп бағаланды. Зияткерлік конкурстарға қатысу нәтижелері «**zhaqsy**» деп бағаланды.
2. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды анықтау негізінде «Сарысай орта мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбының балалары төмендегідей бағаланды.
 - 2.1 МЖМБС-да және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі мен білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, дағды және құзырет көлемін игеруін анықтау үшін ата –аналардан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесінде қатысқан 9 ата-ана «uzdik» нәтиже көрсетті. Ата-аналардың МАД сыныбының дайындық деңгейіне қанағаттануы 100% құрап, «**zhaqsy**» деп бағаланды.
3. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістік дамытушы орта құрылған. Оқу кабинеті бес салаға негізделіп жабдықталған. Кабинет АКТ құрал-жабдықтарымен (ноутбук,

принтер, колонка). МАД кабинетіндегі жиһаздар балалардың жасына, бойына сай.

Кабинетте санитарлық талаптарға сай нормалар орындалған.

Қорытындылай келе мектепалды даярлық сыныбы балаларының өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды. Қамтамасыз ететін пәндік-кеңістік дамытушылық орта талапқа сай құрылған.

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса беріледі);

Даярлық сыныпта 1 тәрбиеші жұмыс жасады:

№	Аты-жөні	Білімі	Бітірген оқу орны, жылы	Мамандығы	Қызметі
1	Ибраева Алина Ериковна	Арнаулы орта	Ақтөбе гуманитарлық колледжі 2021	Бастауыш білім беру мамандығы	Даярлық сынып мұғалімі

"Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша педагогтердің үлесі 100%.

5) жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспары мен жеке бағдарламаның көшірмелері қоса беріледі);

2021-2022 оқу жылдарында даярлық сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.

6) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы (мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілер жоспарларының (карталарының) көшірмелері қоса беріледі);

Мектепалды даярлық сыныбының "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" бес білім саласы бойынша диагностика жүргізілген. Баланың даму мониторингі және оның жеке дамуын бақылау парағы қағаз түрінде кезең – кезеңімен жасалған.

7) "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру (бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

Ұйымдастырылған оқу қызметтері – білімді игеруге, біліктер мен дағдыларды меңгеруге бағытталған педагог пен тәрбиеленушілердің бірлескен іс-әрекеті негізінде жүргізілген. Сабақ кестесіндегі, перспективті жоспардағы пәндер саны оқу жұмыс жоспарына сәйкес келеді.

Мектепалды даярлық сыныбының арнайы оқу бөлмесі жоқ. "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" бес білім беру саласына негізделіп бұрыштар жасалған. Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ету жағдайларына қарай түрлі ойыншықтар (мозайкалар, құрастырғыштар, т.б.) бар.

2021-2022 МАД сыныбы бойынша Халықаралық «ПОНИ» байқауына 8 тәрбиеленуші қатысты. Оның ішінді 8 тәрбиеленуші жүлдегер атанды. Көркемдік, шығармашылық конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері үздік деп бағаланады. Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісінің перспективті жоспарлары мектеп директорымен бекітілген. Мектепалды даярлық сыныбының күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті циклограммада

көрсетілген. Қабылдау уақыты 13:45-13:55, оқу қызметінің ұзақтығы 14:00-16:10, үйге қайту 16:10 (ата – аналармен байланыс). Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес көрсетілген: 25 минуттан құрылған және мектеп директорымен бекітілген

8) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы (бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса беріледі).

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісі бар, жинақталған. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған:

1) бірінші деңгей – бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады;

2) екінші деңгей – бала белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді;

3) үшінші деңгей – бала өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР БҒМ 2020 ж 5 мамырдағы №182 бұйрығы) мектепке дейінгі білім беру талаптарына сәйкес балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау бойынша бастапқы мониторинг жүргізілген. Стандарт талаптары бойынша бала дамуының 3 деңгейі жәк бала жетістіктерінің мониторингі жасына сәйкес жасалған. Қорытынды деңгей бойынша шығарылған нәтижесі «zhaqsy» деп бағаланды.

9. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

Оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі МДТО ҰОЖ белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілген. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін апталық оқу жүктемесінің көлемі мынадай:

2021-2022 оқу жылдарында мектепалды сыныбында бес сала бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерінің апталық көлемі 17 сағатты және вариативтік компонент 3 сағатты құрайды. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің ұзақтығы 25-30 минуттан. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығының 1 қосымшасы басшылыққа алынды.

Оқу жылы	Топтар	Жалпы көлемі	Вариативтік компонент	Оқу жүктемесі
2021-2022	Даярлық сынып	17	3	20с

10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар (осы Өлшемшарттардың 6 немесе 7-қосымшаларына сәйкес мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса беріледі).

Даярлық сынып тәрбиеленушілерінің ата-аналарынан сауалнама алынды.

Қорытындысы:

№	Ата-ана	Толығымен келіспеймін	Келіспеймін	Жауап беруге киналамын	Келісемін	Толығымен келісемін
		-2	-1	0	+1	+2
1	Рыскулова Жайдары	0	9	6	26	-
2	Рсалина Амангүл	-	-	6	29	6
3	Тилемисова Кенжегуль	-	-	5	32	5
4	Муканова Гульжазира	-	-	3	33	6
5	Карабекова Молдир	-	13	5	23	-
6	Есентаева Нурзада	-	5	1	16	19
7	Дзюба Гульнара	-	-	7	34	-
8	Айдаубаева Венера Талантовна	-	-	10	19	12
9	Аханова Тәттігүл	-	-	4	9	28
	Барлығы	0	27	47	221	83

Даярлық сыныптан алынған сауалнама қорытындысы - 75% оң нәтиже көрсетіп отыр.

11. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игерді. Нәтижесі «zhaqsy» деп бағаланды.

2) жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау (осы Өлшемшарттардың 8-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, мониторингісінің (қорытынды) көшірмелері қоса беріледі).

№	Дағдылар тізбесі	Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)			
		Мектепалды жасы (5жастан бастап)		Барлығы игерген %	
1	2	3	4	5	6
2020-2021 оқу жылы					
1	Денсаулық	1/9	7/78%	1/9	7/78%
2	Таным	1/9	7/78%	1/9	7/78%
3	Қатынас	1/9	6/67%	1/9	6/67%
4	Шығармашылық	1/9	7/78%	1/9	7/78%
5	Өлеумет	1/9	6/67%	1/9	6/67%

12. Оқу мерзіміне қойылатын талаптардың орындалуы:

1) жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (осы Өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі);

Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы 2021-2022 оқу жылы

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні, айы, жылы	Топтың атауы	Жас кезеңдері	Жас топтары
1	Дзюба Арина	01.12.2016	МАД	Мектепалды жас	5 жас
2	Есентаева Жансель	26.03.2016	МАД	Мектепалды жас	5 жас

3	Есіркеп Айбек	22.12.2015	МАД	Мектепалды жас	5 жас
4	Нұржаубайұлы Азамат	08.11.2016	МАД	Мектепалды жас	5 жас
5	Сағымжан Асылжан	03.01.2016	МАД	Мектепалды жас	5 жас
6	Сағымбаев Арслан	27.09.2016	МАД	Мектепалды жас	5 жас
7	Сейділда Нұржанат	03.04.2016	МАД	Мектепалды жас	5 жас
8	Рыскулова Айлин	27.09.2016	МАД	Мектепалды жас	5 жас
9	Тилемисов Алихан	30.07.2016	МАД	Мектепалды жас	5 жас

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салалары бойынша жұмыстар жүргізіледі. Оқытудың нәтижелері көрсеткіштер ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылады.

Мектепалды даярлық сыныбында денсаулық сақтау дағдыларын: гигиеналық шараларды орындауды, өзіне-өзі қызмет ету және өзара көмек көрсету дағдыларын, шынықтырудың барлық әдістерін жас ерекшелігіне сай сандық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізе отырып, негізгі қимыл түрлерін, қимылдарды еркін меңгеріп, саналы түрде ойын ережесін сақтауды, қозғалыс әрекетінде қарапайым өзін-өзі бақылауды, ағзаны шынықтыру және дене сымбатын сақтау тәсілдерін, күн тәртібін сақтауды үйренеді.

Коммуникативтік-тілдік дағдылар: тілдесу ережелерін: сөзсіз тілдесу құралдарын, сөйлесу әдебін, сөз тіркесі мен сөйлемдерді грамматикалық дұрыс құрастыруды, сөйлеуде таныс сөздердің күрделі түрлерін қолдануды, дыбыстарды анық, дұрыс, мәнерлеп айтуды, жіктеуді, дыбыстың шартты белгілерінің көмегімен буын мен сөз құрастыруды, сөзжасам дағдыларын, заттардың белгілері мен сапа ларына сүйене отырып, сөздің мағынасын түсіндіре және қолдана алуды, берілген тақырып, сурет бойынша жалаң және жайылма сөйлемдерді қолдана отырып, байланыстырып, бірізділікпен әңгіме құрастыруды, түрлі оқиғаларды мазмұндап айтуды, ертегілерді ойдан құрастыруды, ойында сөз және өлең ұйқастарын құрастыруға, көргеніне сүйене отырып, таныс шығармалардың мәтінін мазмұндауды, дыбыстарды айтуда және дыбыстық талдауда білімін қолдануды, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды, дыбыстарды сипаттауды үйренеді.

Танымдық дағдылар: адам өміріндегі маңызына және қолданылуына байланысты заттарды даярлау үшін пайдаланылатын материалдардың қасиеттері мен алуан түрлілігі туралы, қоршаған ортадағы объектілердің ерекше және маңызды белгілерін бөліп көрсете отырып, олар туралы түсініктерді, жапсыру және сурет салу түрінде геометриялық пішіндерден шынайы және абстракциялық объектілердің қарапайым үлгілерін жасауды, болмашы ерекше белгілері бойынша жануарлар мен өсімдіктерді ажырата білуді, табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күтіп-баптауды, күнделікті өмірдің жаңа жағдайларында қауіпсіздікті сақтауды, түрлі белгілері бойынша объектілерді жіктеуді, сөз арқылы кеңістіктік-уақыт қатынасын, қисынды ойлауды, нәтижеге жететін эксперимент әрекетіне мақсат қоя білуді, нәтижеге жетуді, алған ақпаратқа талдау жасауды, оны саналы түрде қолдануды үйренеді.

Шығармашылық дағдылар: музыкалық аспап сүйемелдейтін әуенді, регистр дыбысын ажырата алуды, балаларға арналған музыкалық аспапта ойнау барысында, ән айтқанда, билегенде минорлы және мажорлы дыбысталуды қабылдап, жаңғырта алуды, түрлі техникалық құралдарды өз бетінше қолдануды, жұмыстарды жаңа бөліктермен толықтыруды және әсемдеуді, қарастырған заттарының бояуының қанықтылығының маңыздылығын, өнердің басқа түрлерінің түпмәтінінде өнер туындыларына алғашқы талдау жасауды үйренеді.

Әлеуметтік дағдылар: мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын, әдеп, табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелерін, ересектермен бірлескен әрекетке жұмылуды, пайдасын тигізуге және оған қанағаттануды, өзінің және басқа халықтардың әдептілік нормалары мен олардың құндылығын, түсіністік, төзімділік танытуды, әлеуметтік ортада өзара қарым-қатынас жасау біліктілігін, қоғамдық тәртіп сақтау дағидаларының коммуникативтік дағдыларын меңгереді.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 2-параграфы

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына бағалау өлшеуіштері бағалау өлшемшарттарының 2-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылды.

1) Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі)

Мектептің 2021-2022 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмыс жоспары бар. Жұмыс жоспарлары тамыз айындағы педагогикалық кеңестерде талданып бекітілді. Жылдық жұмыс жоспарлар бірнеше тараудан тұрады.

2021-2022 оқу жылында

Мектептің өзекті мәселесі: Білім беру сапасын функционалдық сауаттылықты дамытуды қамтамасыз ету факторы ретінде басқару.

Мақсаты: Педагогтің кәсіби тұлғалық құзыреттілігін анықтай отырып, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау.

Міндеттері:

1. Оқу үдерісінің барлық қатысушыларының заңды құқықтары мен қызығушылықтарын барынша толығымен жүзеге асыратын ашық білім беру ортасын ашу.
2. Әр мұғалімнің жұмысы туралы ақпараттық банк құру (есепке алу, сараптау, талдау, бағалау)
3. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығының барлық түрлерін арттыруда барынша жоғары нәтиже беретін жаңартылған білім беру мазмұны бойынша пәндерді оқытудың тиімді жолдарын анықтау және жинақтау.
4. Білім беру үдерісіне мектеп әлеуметі өкілдерін жұмылдыра отырып, бақылаудың жаңашыл, заманауи түрлерін енгізу.
5. Мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматы және шығармашыл тұрғыда ойлауға, шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілетті, өмір бойы білім алуға дайын тұлға қалыптасады.

ҚР БЖҒМ әдістемелік нұсқау хаты негізінде, жоғарыдағы мақсат, міндеттерді алға қоя отырып, жылдық жұмыс жоспар құрылды. Жылдық жұмыс жоспарды қорытындылай келе

мектептің даму бағдарламасы кезең-кезеңімен жүзеге асырылды. ЖББМ бойынша педагогтар курстан өткізілді. Кадр мәселесі бойынша қайта даярлау курстарына педагогтар қатыстырылды. МТБ бойынша жылма жыл толықтырылып жатыр, дегенмен де қажетті құрал-жабдықтар бойынша аудандық білім бөліміне сұраныстар берілді. Мектепке жас мамандар жұмысқа тартылуда. Жас мамандарға тәлімгерлер бекітіліп, әдістемелік көмек көрсетіліп, өз білімдерін жетілдіру бойынша тиімді жұмыстар жүргізілді.

Мектебімізде жоспарға сәйкес мектепшілік семинарлар, апталықтар, ашық сабақтар, соның ішінде

үш тілділік бойынша да ашық сабақ, сыныптан тыс жұмыстар жүргізіліп отырды.

Оқушыларымыз шығармашылық және интеллектуалдық конкурстардан жеткілікті орындарға ие болды. Атап айтар болсақ, Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың ІІ кезеңіне (аудандық) қатысуға мектепшілік кезең қорытындысы бойынша 3 оқушы жолдама алып, ІІ кезеңіне (аудандық) қатысты. Қорытындысы бойынша:

1. Математика пәні бойынша Бұхаева Гулден 9-кл ІІІ орын жетекшісі: Кульбаева Р.К, Қазақстан тарихы пәні бойынша Қуаныш Елнұр 9-кл ІІІ орын жетекшісі: Бегентаева Р.К, қазақ тілі пәні бойынша Байменова Динара 11-кл ІІ орын жетекшісі: Саудина А.Т.

Ауыл балаларының 9 сынып оқушыларына арналған Республикалық «Аламан» олимпиадасының аудандық кезеңінде биология пәнінен Еримбетов Нурдаулет ІІІ орын, география пәнінен Елеу Әліби ІІІ орын иеленді.

Ауыл балаларына арналған «Іqanat» олимпиадасының І кезеңінен 8 сынып оқушысы Амантай Саян химия-биология пәндерінен жоғары балл жинап, ІІ кезеңіне жолдама алды.

5-6 сыныптарға ранлаған пәндік олимпиада да оқушыларымыз үздік нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды.

2. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелерінің болуы және ҚР БҒМ-нің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;

2021-2022 жылындағы жұмыс оқу жоспары тексерілді.

2021-2022 оқу жылында «Сарысай орта мектебі» КММ білім мен тәрбие беру үдерісін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құжаттарды негізге ала отырып, оқу жұмыс жоспары жасалды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (20.08.2021ж №415 бұйрығымен жаңа редакция жасалған) 1-4 сыныптар үшін **1-қосымша**, 5-9 сыныптар **6-қосымша**, 11 сыныпқа 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) **22-қосымшасы** төмендетілген оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен, қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып оқу жұмыс жоспары жасалды.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2021-2022 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар

енгізілген) оқу бағдарламаларымен, 5 - 9 – сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылды, 10-11-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығына оқу бағдарламаларымен оқытылды.

4) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);

13.4.-13.5. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысы іске асырылды.

Сарысай орта мектебінде тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 -2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілінде құралды. Тәрбие жұмыстар барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда кешенді түрде жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы басшылыққа алынып жасалды.

«Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Ақтөбе облыстық білім басқармасының № 252 бұйрығы негізінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, 2016 ж 26 сәуір «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі де басшылыққа алынды.

Бұл бағдарламалар білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар

1. Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы басшылыққа алынып жасалды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде ,

Қазақстан Республикасының заңдары

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995ж)
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (2007ж)
3. Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт» жайлы заңы (02.12.1999ж)
4. Қазақстан Республикасының «Мейрам күндері» жайлы (2001ж)
5. Қазақстан Республикасының «Бала құқығы туралы» заңы (2002ж)
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (10 - бап)
8. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы заңы» (1997ж)
9. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (925,926,927,1124 - баптар)
10. Қазақстан Республикасының Еңбекпен түзету кодексі (96 - бап)
11. Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» (172,177 - баптар)

- 12.Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық жайлы кодексі (12,154 - баптар)
- 13.Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты» туралы
- 14.Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын қорғау туралы(1998)
- 15.Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың
16. Қазақстан Республикасы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» заңы
17. Қазақстан Республикасының «Темекі тартуды алдын-алу және шектеу туралы» заңы (2002 ж.10 шілде)
- 18.АҚТБ/ЖҚТБ – ның алдын алу жайлы декларация (2001ж)
19. Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлықтарының алдын алу бойынша 2019 жылға дейінгі жол картасы;
20. Қазақстан Республикасының 04.12.2009 жылғы “Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы” заңы;
21. “Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн” Ұлттық ақпараттық науқаны;
22. “Қауіпсіз мектеп” республикалық акциясы
23. Қазақстан Республикасының 04.07.2013 жылғы № 127 “Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы.

Сарысай орта мектебінің тәрбие жүйесінің құрылымы:

- ***тақырыбы;***
- ***тәрбие жұмысының мақсаты;***
- ***тәрбие жұмысының міндеттері;***
- ***күтілетін нәтижелер;***
- ***тәрбие жұмысын ұйымдастыру.***

Тәрбие жұмысының мақсаты:

Мақсаты: Жас жеткіншектердің бойына азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді және «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірінде жүзеге асыру ұмтылысын қалыптастыру, мемлекеттік рәмізін құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге тәрбиелеу. Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты мір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

Тәрбиенің жұмысының міндеттері:

- ✓ ҚР мектеп оқушыларының патриоттық тәрбие беру тұжырымдамасын пайдалану, азаматтық- патриоттық сананы қалыптастыру, рухани-адамгершілік қасиеттерді жетілдіру, этикалық принциптерді ұстана отырып қазақстандық қоғамның нормалары мен дәстүрлеріне қайшы келмеу;
- ✓ тұлғаның адами және ұлттық құндылықтарды ұстана отырып, қазақ халқының тілін, дәстүрлерін мойындауға, ұстануға жетелеу, полимәдениетті тұлғаны қалыптастыру мен толеранттылықты нығайту, Қазақстан Республикасында өмір сүретін түрлі этностар мен этно топтардың тілін, мәдениетін құрметтеуге үйрету;
- ✓ отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау, ата-аналардың психологиялық, педагогикалық білімін жетілдіру, ата-ананың баланың тұлға ретінде қалыптасуына, тәрбиесіне жауаптылығын сезіндіру;
- ✓ еңбек дағдысын қалыптастыру, тұлғаның экономикалық ойлау дағдысын ұштап, болашақ мамандығын таңдауда жол ашу, экологиялық мәдениетті дамыту, ұжымдық қарым-қатынастың ережесін біліп, өмірде қолдану;

- ✓ мектепте көпмәдениетті ортаны қалыптастыруға ықпал ету, ортақ мәдениет дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және өмірдегі эстетикалық нысандарды қабылдауға, игеруге, бағалауға дайын болуын қамтамсыз ету;
- ✓ дене тәрбиесіне жіті назар аударып, салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыруға ыңғайланған кеңістік орнатып, оқушыны өзінің физикалық және психологиялық денсаулығына нұқсан келтіретін факторларды анықтай білуге үйрету.

Күтілетін нәтижесі :

- ✓ азаматтық-патриоттық сана-сезімі жоғары;
- ✓ рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған;
- ✓ отбасылық құндылықтарды ұстанатын;
- ✓ құқықтық санасы нығайып қалыптасқан;
- ✓ салауатты өмір салтын ұстанатын;
- ✓ Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсене қатысатын, халқымыздың бай өмір тәжірибесі негізінде тәрбиеленген, ұлттық менталитетімізді бойына сіңірген ХХІ ғасырдың жеке тұлғасы тәрбиеленеді.

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалдық қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматтық қалыптастыру. *«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Отаным - тағдырым», «Атамекен» бағдарламаларындағы бағытқа лайық іс-шаралар өткізу.*

«1 қыркүйек – Білім күні» мерекесіне арналған мектепте «Кел, балалар, оқылық!» тақырыбында 1 сынып оқушыларына арналып өткізілді. Биылғы оқу жылында санитарлық талаптарға сай, 1-сынып оқушылары мектеп табалдырығын аттады. Мерекелік салтанатты жиын сағат 09.00-де басталды. Жиынымыз Қазақстан Республикасының Гимнімен ашылды. Мектеп директоры Н.С. Нурмуханов құттықтау сөз сөйлеп, бүлдіршіндерді бүгінгі мерекелерімен құттықтап, жиын қонақтарымен бірге 1 сынып оқушыларына Алаштың көрнекті қайраткері, ағартушы-ғалым, ұлт ұстазы, әліппенің атасы Ахмет Байтұрсынұлының тұңғыш «Әліппе» оқулығын тапсырды. Директордың оқу және тәрбие жөніндегі орынбасарлары мектеп оқушыларын, ата-аналарды және ұстаздарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап жылы лебіздерін білдірді.

2-11 сыныптарда «Тәуелсіздік жетістіктері» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарында сынып жетекшілері Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл аясында «Тәуелсіздік жетістіктері» атты маңызды оқиғаларға шолу жасап, Тәуелсіздік – бабалар аңсауы,

ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең екенін, Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз екенін айтып өтті.

«Адал ұрпақ» еріктілер клубы құрылып, белсенді жұмыстар атқарылуда. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және ұлт патриотын, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру үшін балалар мен жастарды өз елін, жерін сүюге тәрбиелеу, саяси және құқықтық санасын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін, қоғамдағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру мақсатында бірқатар іс – шаралар жүргізілді.

Балалардың сабаққа қатысуын бақылау мақсатында қыркүйек айында сабақтан жиі қалған балалар анықталып, отбасылық жағдайымен танысу ұйымдастырылды.

Бірінші тоқсан бойынша «Бүгінгі күннің патриоты» «Мен ҚР-ның азаматымын», «Қылмыс пен жаза» атты тәрбие сағаттарын 1-9 сынып тәрбиешілері айлық жоспарларына сай түгел өткізді.

ІІБ-ның кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік инспекторы, полиция капитанының қатысуымен ұлдар және қыздар арасында жиналыс өткізілді. Жиналыста оқушыларға өз құқығы мен міндеттері және мектеп-интернатының заңына бағынуын ескертті. Сонымен қатар суицидтің алдын алу мақсатында 5-9 сынып оқушыларымен бірқатар әңгімелер жүргізіліп тұрды.

Қыркүйек айында жоспарға сай бастауыш сынып оқушылары арасында «Жолда жүру ережелерін сақтаймыз!» атты айлық өткізілді. Төмендегідей тақырыпта ашық сабақтар өткізілді:

«Жолда жүру ережесі» тақырыбында Маханалина Қ.Қ.

«Жол атасы – бағдаршам» тақырыбында Адылова Г.С.

«Жолда жүру ережелері» тақырыбында Қарабекова М.Қ.

«Көше тәртібі – өмір сүру тәртібі» тақырыбында Мухамбеткалиев Д

Тәрбие сағаты өз мәнінде өтіп, оқушылар өздеріне керек көптеген мәліметтер алды. Аздаған кемшіліктер жеке айтылып, талқыланды.

Нәтиже: 1-11 сынып оқушыларының патриоттық және құқықтық тақырып бойынша іс-шараларға оқушылар ретінде де, ұйымдастырушылар ретінде де қатысуы артты; мектептің ішкі тәртіп ережелері мен жарғысын бұзу санын азайды; оқушылардың кешігуі мен сабақты себепсіз жіберуі азайды; есепте оқушылар саны жоқ; құқық бұзушылық пен қылмыс жасаған оқушылардың болмауы.

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: "Рухани жаңғыру" құндылық негіздерін тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттерімен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы терең түсінігін қалыптастыру, қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен дәстүрлерімен келісіледі. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Рухани қазына» шағын бағдарламасына сәйкес іс-шаралар қарастырылуы керек.

Алдымыздағы бүлдіршіндердің ел намысын қорғап азамат, жеке дара тұлға болып қалыптасуы тікелей бізге яғни педагогтарға байланысты екені анық. Оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамыту бағытында арнайы тәрбиелік жұмыстар жүргізіліп жатыр. Рухани-адамгершілік және этика – эстетикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру мақсатында: «Әдептілік әдемілік», «Сыйласа білейік» атты тәрбие сағаттарын 1-9 сынып жетекшілері өткізді.

Тіл мерекесіне орай қоғамдық-гуманитарлық бірлестігімен бірге «Тіл мерейі-ел мерейі» атты сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылды. Барлық сынып оқушылары белсенді қатысып, үздік деп танылған оқушылар марапатталды.

Ұстаздар күніне орай мектебімізде «Ұстаздық еткен жалықпас» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Мерекелік іс-шара барысында кішкентай бүлдіршіндер ұстаздарға арналған өлең

шумақтарын айтып, би билеп, ән шырқап өз өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар 5-8 сынып оқушылары Ұстаздар күніне арналған газеттер шығарып, ұстаздар қауымын мерекелерімен құттықтап жылы лебіздерін білдірді.

Нәтиже: оқушылардың кемінде 80%-ы жыл бойы рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі іс-шараларға қатысады; оқушылардың кемінде 30% - ы «қоғамға қызмет ету» бағдарламасының қызметіне белсенді қатысады.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсету. *«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Өлкетану», «Тәрбие және білім», «Рухани Қазына».*

